



**"Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг
университеті" КЕАҚ
(Қазақстан Республикасы)**

және

**Мекеме "Кайнар" Академиясы
(Қазақстан Республикасы)**

арасындағы

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ ШАРТ**

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ШАРТ

« 10 » _____ 12 _____ 2022 ж.

№ _____

"Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Президент – ректор Ахметов Берік Бақытжанұлы бір жағынан, және Мекеме «Кайнар» Академиясы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Академия ректоры Джанегизова Айсулу Сабирхановна, екінші жағынан (бұдан әрі - бірлесіп "Тараптар" немесе жеке - жеке "Тарап" деп аталады), екі оқу орны арасындағы ынтымақтастықтың білім беру және ғылым салаларындағы екі жақты қарым-қатынастарын одан әрі дамыту қажеттілігін білдіре отырып, жоғарыда аталған бағыттар бойынша екі оқу орнының ынтымақтастығын дамытуға үлес қосқысы келіп, осы Ынтымақтастық туралы Келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) келесі ережелер бойынша жасады.

1-бап

Өзара тиімділік пен тәуелсіздікті құрметтеу ұстанымдары негізінде Тараптар мынадай мәселелер бойынша өзара түсіністікке қол жеткізді:

1. Университет профессор-оқытушылар құрамымен алмасу;
2. Ғылыми-зерттеу тәжірибесі мен тағылымдамадан өтуді қамтамасыз ету мақсатында бакалавриат, магистратура, докторантура студенттерімен алмасу;
3. Бірлескен білім беру бағдарламаларын, оның ішінде қос дипломдарды, сондай-ақ оқу жоспарларын беруді көздейтін бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру;
4. Академиялық кездесулер мен конференцияларды ұйымдастыру;
5. Бірлескен зерттеу қызметі. Мемлекеттік, қоғамдық және жеке қорлар мен ұйымдар жариялайтын гранттарға бірлесіп қатысу;
6. Серіктес университеттің мерзімді басылымдарында профессор-оқытушылар құрамы мүшелерінің, университет студенттері мен оқытушыларының мақалаларын, баяндамаларын және басқа да ғылыми еңбектерін жариялау;
7. Ғылыми ақпаратпен, жарияланымдармен, материалдармен алмасу; зерттеу жүргізу үшін ғылыми орталықтар мен зерттеу лабораторияларына қолжетімділікті ұйымдастыру;
8. Серіктес ЖОО-да PhD докторанттарға ғылыми жетекшілік ету үшін жетекші ғалымдарды тарту;
9. Екі тарап келісетін білім беру және ғылыми ынтымақтастықтың басқа түрлері.

Ынтымақтастықтың аталған түрлерін іске асыру мақсатында екі университеттің факультеттері мен институттарының өкілдері бір-біріне кеңес бере алады және жоғарыда аталған ынтымақтастықтың әрбір немесе барлық салаларында ынтымақтастықтың арнайы жоспарларын әзірлей алады.

2-бап

Келісім шарт шеңберінде ынтымақтастықтың әрбір бағдарламасын іске асыру шарттарын әрбір жеке бағдарламаны іске асыру басталғанға дейін жеке келісімдер жасасу жолымен екі университет келісуі және қабылдауы тиіс. Бұл жеке келісімдер жүзеге асырылатын функциялар мен қызмет түрлерін, жұмыс кестесін, жеке сауалнаманы, қаржыландыру жағдайын, әр Тараптың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ әр бағдарлама аясындағы ынтымақтастықтың мақсаттары мен бағыттарын анықтау үшін қажетті құжаттарды айқын сипаттайды.

3-бап

Келісім шарт аясындағы барлық іс-шаралар әр университетте тиісті органдармен бекітілген және Тараптардың ғылыми және қаржылық талаптарына сәйкес келеді. Бірлескен зерттеулердің нәтижелері, соның ішінде зияткерлік меншік құқықтарын қоса алғанда, олармен шектелмей, Тараптар арасындағы кеңес беру арқылы әділ пайдаланылуы тиіс.

4-бап

Келісім шарт ережелерін орындау барысында Тараптар ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

1 - бапта көрсетілген ынтымақтастықтың барлық түрлері Қазақстан Республикасының барлық заңдарына, ережелеріне және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес орындалуы тиіс.

5-бап

Келісім шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және екінші Тарапты хабардар ету арқылы Тараптардың бірі оны бұзғанға дейін күшінде қалуға тиіс. Келісім шартты бұзу туралы хабарлама болжамды тоқтату күнінен кемінде алты ай бұрын берілуі тиіс. Келісім шарт кез - келген уақытта Тараптардың өзара өтініші бойынша осы Келісім шартқа қосымша келісім жасау арқылы өзгертілуі мүмкін.

Келісім шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден бірдей күші бар қазақ тілінде екі данада жасалды.

Тараптардың заңды мекенжайлары:

«Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті» КЕАҚ
130003, ҚР, Маңғыстау облысы,
Ақтау қаласы, 32 шағын аудан
Тел: +7(7292) 788 788
e-mail: info@yu.edu.kz

Мекеме «Кайнар» Академиясы
100024, ҚР, Алматы қаласы,
Байзақов көшесі, 125
Тел: +7(727) 264 5645
e-mail: kайнар@kazuniver.kz



Президент – ректор

Б. Б. Ахметов

Ректор
А.С. Джанегизова